

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Филология факультеті
Қазақ әдебиеті кафедрасы



**«ФОЛЬКЛОРТАНУ МЕН ӘДЕБИЕТТАНУ ҒЫЛЫМЫ:
ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР МЕН ПАРАДИГМАЛАР»**

Көрнекті фольклортанушы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, академик, қоғам қайраткері Сейіт Қасқабасовтың туғанына 85 жыл толуына арналған халықаралық ғылыми-теориялық конференция

МАТЕРИАЛДАРЫ
14 қараша, 2025 жыл

Астана, 2025

ӘОЖ 398+821.512.122.0

КБЖ 82+83

Ф 72

Жалпы редакциясын басқарған:
Басқарма төрағасы-ректор Е.Сыдықов

Редакция алқасы: Ж.Құрманғалиева, А.Бейсенбай, Ж.Аймұхамбет, С.Дүйсенғазы, Г.Сағынадин, С.Жұмағұл (жауапты шығарушы).

«ФОЛЬКЛОРТАНУ МЕН ӘДЕБИЕТТАНУ ҒЫЛЫМЫ: ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР МЕН ПАРАДИГМАЛАР» көрнекті фольклортанушы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, академик, қоғам қайраткері Сейіт Қасқабасовтың туғанына 85 жыл толуына арналған халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. 14 қараша, 2025 жыл/ Жалпы редакциясын басқарған: Е.Сыдықов. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2025. – 375 б.

ISBN 978-601-385-142-6

Жинақта Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Қазақ әдебиеті кафедрасының ұйымдастырумен көрнекті фольклортанушы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, академик, қоғам қайраткері Сейіт Қасқабасовтың 85 жылдығына орай өткізілген Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары қамтылды. Ғалым зерттеулерінің филология ғылымындағы маңызы, қазіргі фольклортану мен әдебиеттанудың өзекті мәселелері сараланған ғылыми мақалалар топтастырылды.

Жинақ филология саласының мамандарына, ұлт тілі мен әдебиетінің жанашырларына арналған.

ISBN 978-601-385-142-6

ӘОЖ 398+821.512.122.0

КБЖ 82+83

Ф72

ISBN 978-601-385-142-6



Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2025

МАЗМҰНЫ

<i>Сыдықов Е.</i> Кіріспе сөз	3
Құттықтаулар	5

Пленарлық баяндамалар

<i>Абдрахманов С.</i> Сейіт Қасқабасов – фольклортану феномені	15
<i>Матыжанов К.</i> Халық мұрасын қастер тұтқан ғұлама	31
<i>Омарұлы Б.</i> Академик Сейіт Қасқабасов және ежелгі шығыс сюжеттерінің трансформациясы	39
<i>Қамзабекұлы Д.</i> Алаш қайраткерлері ел әдебиеті туралы	44
<i>Metin Ekici.</i> Seit A. Kaskabasov ve türk dünyasi folklor çalışmalarına katkıları	55
<i>Құрманәлиев К.</i> Академик Сейіт Қасқабасов: рухани-тілдік құндылық мәселелері	61
<i>Fazıl Özdamar.</i> Köroğlu (Goroğlu) destanı araştırmalarında alexander chodzko'nun yeri	65
<i>Власова Г.</i> «Золотая жила» С.А. Каскабасова – «Золотой» фонд классической фольклористики	72
<i>Пангереев А.</i> Балладалық жыр: зерттеу тәсілдері (академик Сейіт Қасқабасов еңбектері егізінде)	77
<i>Сыздықов С.</i> Академик С. Қасқабасов: фольклор мен тарих арақатынасының кейбір мәселелері туралы	83
<i>Аймұхамбет Ж.</i> Сейіт Қасқабасов зерттеуіндегі қазақ мифологиясы	86
<i>Әбсадық Ә.</i> Ұстаз жолы: ерік-жігер мен парасат бірлігі.....	90

1-секция. Академик Сейіт Қасқабасов және қазіргі фольклортану міндеттері

<i>Негимов С.</i> Академик С.А. Қасқабасовтың ғылыми шығармашылығы ...	97
<i>Еспенбетов А.</i> Ірі оқымысты	104
<i>Жұртбай Т.</i> Ағажай	109
<i>Тұрысбек Р.</i> Алыптар тоғысы (Академик Сейіт Қасқабасовтың Абай мен Жамбыл жөніндегі зерттеулерінің әдеби-рухани мәні)	114
<i>Рахымов Б.</i> Фольклортанушы С. Қасқабасовтың өмірі мен өнегесі	126
<i>Дүйсенгазы С.</i> Даналық	129
<i>Әуесбаева П.</i> С.А. Қасқабасов және фольклордағы әңгіме жанры	133
<i>Жақан Д.</i> Өшпес өнеге.....	138
<i>Рақыш Ж.</i> Сейіт Қасқабасов және ғашықтық жырлар	143
<i>Касенов С.</i> Дәстүрлі шешендік сөздердің құрылымдық ерекшеліктері мен қазіргі шешендік дискурс: типологиялық салыстыру	147
<i>Қабылов Ә., Шоқай М.</i> Қоғамдық сана және көркем әдебиет	152
<i>Набиолла Н.</i> С. Қасқабасов және шетелдегі қазақ мұрасы.....	161

<i>Кокбас Ж., Байжанова Ж., Жукенова Н.</i> Қазақ фольклорының типологиясы мен поэтикасын зерттеу: цифрлық гуманитаристика мүмкіндіктері	164
<i>Джубанова Г.</i> Қазақ постфольклорының жанрлық жүйесі және қазіргі зерттеу ұстанымдары.....	172

**2-секция. Сейіт Қасқабасов мұрасы
және мемлекетшілдік мұрат**

<i>Ибраев Ш.</i> Академик С.А. Қасқабасовтың фольклортану саласындағы еңбектерінің ғылыми-теориялық және тарихи-мәдени маңызы.....	180
<i>Мустафа Неркиз.</i> Seyit Kaskabasov ve kazak folklorunun metinsel restorasyonu.....	185
<i>Тойшанұлы А.</i> Академик С.А. Қасқабасовтың фольклор жанрын жүйелеу қағидаттары мен әдістері	195
<i>Кривошапова Т.</i> Выдающийся ученый-фольклорист	198
<i>Байтанасова Қ.</i> Академик С.Қасқабасов: фольклорлық жанрлардың табиғаты хақында	202
<i>Жұмағұл С.</i> Академик С. Қасқабасов және 1960-1980 жылдардағы қазақ фольклористикасы.....	206
<i>Сағынадин Г.</i> Фольклортанудағы ғылыми феномен және жаңа парадигмалар (академик Сейіт Қасқабасовтың әдіснамалық тұжырымдары негізінде).....	221
<i>Қорғанбеков Б.</i> Академик Сейіт Қасқабасовтың эпостанушылық еңбектері	227
<i>Ашенова А.Т.</i> 1920-30 жылдардағы фольклорлық жарияланымдар.....	235
<i>Кемеңгер Қ., Жұмабекқызы А. Н.</i> Ғабдуллиннің «Біздің жігіт» романындағы прототип мәселесі (академик С. Қасқабасов бейнесі негізінде)	241
<i>Карипбаев Ж.</i> С.А. Қасқабасов зерттеулеріндегі қазақ мифологиясы	245
<i>Алимбаев А.</i> Академик С.А. Қасқабасов: Абай және фольклор	251

**3-секция. Сейіт Қасқабасов зерттеулері
және пәнаралық ықпалдастық**

<i>Жақытов Ж.</i> Қазақ лингвофольклортануы бастауында (академик С.А. Қасқабасов еңбектерінің негізінде)	255
<i>Оразбек М.</i> Академик Сейіт Қасқабасовтың ұлттық гуманитарлық ғылымға қосқан үлесі.....	263
<i>Кемеңгер Қ.</i> Ғылымдағы сабақтастық және қазіргі қазақ фольклортануындағы құнды еңбек	269
<i>Кадыров Ж., Кадыров А.</i> Әдеби шығармашылық үдеріс: ғылыми-теориялық тұрғыдан зерттеудің маңызы.....	275

<i>Сайфуллаев Б. О‘zbek va qozoq tillari gap strukturasi da frazeologik birliklarning qo‘llanishi (O‘zbekiston mahalliy qozoq adiblari asarlari misolida)</i>	278
<i>Жұмаев И.Х. Yusuf Xos Hojibning “Qutadg‘u bilig” dostonida tashbeh she’riy san’ati talqini</i>	285
<i>Келгембаева Б. Мекендік аңыздарды мәдени-танымдық туризм саласына пайдаланудың кейбір жолдары</i>	291
<i>Мұқатаева Қ. Көрікті ой мен көркем сөздің шебері</i>	299
<i>Аликулова Х. О‘zbek va qozoq yor-yorlarining o‘ziga xos janriy xususiyatlari.....</i>	306
<i>Ақтанова А. Абай Құнанбайұлы бейнесінің көркем және деректі кинолоарда сомдалуы.....</i>	310
<i>Абдуллина А. А. Кемелбаева прозасындағы автофикшн элементтері</i>	314
<i>Төлеуқоңыр Ж. Қазақ прозасындағы «Әке» концептісінің көркемдік аясы (М. Әуезовтің «Қорғансыздың күні», «Жетім» әңгімелері негізінде).....</i>	320
<i>Қаратай Б. Тәуелсіздік дәуіріндегі қазақ прозасы (стильдік-көркемдік ерекшеліктері)</i>	333
<i>Дәуренбек А. Қазақ фольклорының тарихи сана қалыптастырудағы қызметі: Тұрсын Жұртбайдың ғылыми тұжырымы</i>	339
<i>Джаканова Ж. Фольклорлық жанрлар теориясы: баяндау, сюжет және дәстүр сабақтастығы</i>	343
<i>Айтуарова Ж. Фольклорлық хикаяның әдеби-көркем интерпретациясы (қазіргі шағын проза негізінде)</i>	349
<i>Азотбаева М. Diskursiv shaxsning dialektal ifodalanishi o‘zbek badiiy matnida.....</i>	356
<i>Галымжанова З. М. Мағауиннің «Мен» мемуарлық романындағы фольклорлық элементтер</i>	359
<i>Жанпейісова А. Қазақ балалар фольклорының этномәдени тілдік сипаты</i>	366

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Каскабасов С. Родники искусства: Фольклористические этюды. – Алма-Ата: Өнер, 1986. – 126 с.
2. Қасқабасов С. Ғашықтық жыр // Қазақ әдебиеті тарихы. Он томдық. 1-том. – Алматы: Қазақпарат, 2008. – 429-452 б.
3. Әуезов М. Шығармаларының 50 томдық толық жинағы. 28-том. – Алматы: Жібек жолы, 2007. – 155-177 б.
4. Дүйсенбаев Ы. Қазақтың лиро-эпостық жырлары. – Алматы: Ғылым, 1973. – 95-б.
5. Ахметов З. Сокровища эпического творчества // Вопросы литературы. – 1964. – № 11. – С. 209-213.
6. Ананьева С. Казахский эпос издан в Москве // Простор. – 2004. – №5. – С. 134-140; Евразия. – 2004. – №1. – С. 114-117; Казахстанская правда. – 2004. – 19 марта. – С.5.
7. Кусаинов Ш. Краткий анализ переводов эпоса «Козы Корпеш – Баян слу» // Простор. – 2004. – №1. – С. 141-144.
8. Қасқабасов С. Ғашықтық жырлар // Бабалар сөзі: Жүзтомдық. Т. 53: Ғашықтық жырлар / Құраст.: С.Қосан, Т.Әкімова, Ж.Салтақова. – Астана: Фолиант, 2009. – 9-34 б.
9. Смирнова Н.С. Исследования по казахскому фольклору / Сост., подгот. текстов, ст. С.А. Каскабасова. – Алматы: ИД «Жібек жолы», 2008. – 526 с.; Фольклорист Н.С.Смирнова и вопросы изучения устного народного творчества. Материалы научно-теоретической конференции. – Алматы: Кие, 2009. – 176 с.

МРНТИ 17.82.00

ДӘСТҮРЛІ ШЕШЕНДІК СӨЗДЕРДІҢ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ МЕН ҚАЗІРГІ ШЕШЕНДІК ДИСКУРС: ТИПОЛОГИЯЛЫҚ САЛЫСТЫРУ

Сәкен ҚАСЕНОВ, филология ғылымдарының кандидаты,
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті қазақ әдебиеті
кафедрасының аға оқытушы, Астана, Қазақстан
(E-mail: saken_69@mail.ru)

Аңдатпа: Мақалада қазақтың дәстүрлі шешендік сөздерінің құрылымдық ерекшеліктері мен қазіргі шешендік дискурстың типологиялық ұқсастықтары мен айырмашылықтары қарастырылады. Автор шешендік өнердің диалогтық табиғатын, риторикалық тәсілдерін және олардың бүгінгі әлеуметтік-коммуникативтік кеңістіктегі көрінісін талдайды.

Түйін сөздер: шешендік өнер, риторика, дискурс, прагматика, дәстүр сабақтастығы

Abstract: The article examines the structural features of traditional Kazakh oratory and the typological similarities and differences of contemporary oratorical discourse. The author analyzes the dialogical nature of oratory, rhetorical techniques, and their manifestations in today's socio-communicative space.

Keywords: oratory, rhetoric, discourse, pragmatics, continuity of tradition.

Қазақ қоғамында да шешендік сөздердің алатын орны зор. Ұрпақ тәрбиесінде, ел басқару жүйесінде, елді сәулелендіру жолында, әрине, халықтың сан ғасырлық тәжірбиесінде қорытылып екселген, жинақталып жүйеленген

ақыл-нақыл, өсиет-насихатқа негізделген отты да нақышты, шебер де шешен айтылатын ауызша сөздік толғамның танымдық, тәрбиелік мәні айрықша.

Бүгінгі заманда да шешен сөйлеу өнері өзінің маңызын жойған жоқ, керісінше өмірдің барлық саласында қажеттігі артып отыр. Заманауи шешендік дискурс ресми саяси мінберлерден, сот залдары мен ғылыми ортадан бастап, бұқаралық ақпарат құралдары мен әлеуметтік желідегі пікірталастарға дейін кең өріс алды. Сөз саптау түрлері өзгергенімен, адамдарды сендіру, әсер ету, ұйыту сынды прагматикалық мақсаттар өзгеріссіз қалуда.

Дәстүрлі шешендік сөздер көбіне диалогтық формада жеткен. Ел арасында тараған шешендік әңгімелердің көбінде сұрақ-жауап, тапқыр сөз жарысы түріндегі диалог бар, сол арқылы шешеннің ойы мен мінезі, дүниетанымы көрініп, моральдық түйін шығарылады. Зерттеушілер шешендік диалогты осы өнердің ажырамас бөлігі деп қарап, ондағы *сұрау қою арқылы эстетикалық және тәрбиелік мән өндіру* ерекшелігін атап көрсетеді. Расында да, қазақ би-шешендері қиын сұраққа қысылмай, дереу тапқыр жауап қайтару арқылы сыналған. Мәселен, Жиренше шешен мен Қарашаш сұлу арасындағы атақты диалог немесе Төле, Қазыбек, Әйтеке билер мен Жоңғар елшісі арасындағы сөз сайысы – бәрі импровизациялық диалогқа құрылған шешендік мұра. Монологтық шешенсөз үлгілері де болғанмен (билердің толғау, насихат түріндегі сөздері), олардың өзі көбіне белгілі бір сұхбаттың, жиынның қорытындысында айтылатын сөз ретінде орын алған. Мұндай жағдайларда классикалық құрылым (кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды) сақталып, шешен сөзінің бөлшектері анық байқалады. Мәселен, би-шешен дау шешерде әуелі тыңдаушысын өзіне қаратып *бастама сөз* айтқан, соңынан талқылап *мазмұндама* жүргізген, ең соңында *түйінді төрелігін* жария еткен. Шешендік сөздерді талдаған Ахмет Байтұрсынұлының бес бөлімді құрылымға бөлуі - дәл осы қазақ билерінің сөз аңғарынан туындаған тұжырым.

Дәстүрлі шешендердің сөз саптау мәнерінде бірнеше риторикалық ерекшелік көзге түседі. Біріншіден, *мақал-мәтел, афоризмдерді* орынды қолдану – бітім не өсиет сөздің міндетті белгісі болған. Мысалы, Төле бидің: «Жаңбыр жаумаса – жер жетім, Басшысы болмаса – ел жетім...» деп басталатын толғауы тұтас мақал-мәтелдер тізбегінен құралған. Би-шешендер бір-бірінің сөзінен немесе бұрынғы есті ескі сөздерден мысал келтіріп сөйлеген, яғни интертекстуалдық байланыс күшті болған. Бұхар жырау, Махамбет сынды ақындар шешендер сөзін жырға қосып, олардан дәйексөз ретінде пайдалану арқылы кейінге жеткізгені де мәлім. Екіншіден, шешендік сөздерде ұйқас, қайталамалар, параллель құрылымдар жиі ұшырасады. Айтылған ойдың әсерін күшейту үшін би-шешендер кейде бір сөз тіркесін қайталап өрбіткен («Бір үйдің баласы болма, көп үйдің санасы бол... Бір елдің атасы болма, бар елдің данасы бол...») немесе белгілі бір ритмикалық тізбек арқылы тұжырымдаған. Үшіншіден, қарсыласты не көпшілікті ұйыту үшін риторикалық сұрақтар мен жұмбақтаулар қолдану тәсілі болған. Мысалы, Қазыбек би қалмақ қоңтайшысының алдына барғандағы сөзін «Біз – қазақ деген мал баққан елміз... Сен қанша күшті болсаң да, біздің жүрегіміз ел үшін шыдамды...» деген сұрақ-

жауап стилінде құрып, сөз соңында мәмілеге шақырады. Мұндай риторикалық тәсілдер тыңдаушының ерік-сезіміне әсер етіп, көңілін баурауға қызмет еткен.

Дәстүрлі би-шешен сөздерінің прагматикалық функциялары негізінен ел басқару, құқықтық дау шешу және тәрбиелік-насихаттық қызметтермен тығыз байланыста болды. Би-шешендер сөз арқылы *әлеуметтік тәртіпті сақтады*, даугерлерді бітістіріп *әділдік орнатты*, қажет жерде *батырды намысқа шақырып, елді бірлікке үндеді*. Шешендердің осындай қызметін халық ерекше қадірлеген: олар айтқан кесімді сөз заңдай орындалған.

Дәстүрлі шешендік сөздер тыңдаушыға эстетикалық ләззат бере отырып, прагматикалық мақсатты, яғни сананы иландыруды мінсіз атқарған. Тыңдаушыны ұйытып, еріксіз иландыратын дуалы сөзді қазақ «сөзі сүйектен өтті» деп сипаттайды. Шешендер өз заманының *билік, заң, дін, әдет-ғұрып* тәрізді салаларынан толық хабардар, терең білімді болумен қатар, *табиғи талант, суырыпсалма қабілет* иелері болғаны белгілі. «Айтқызған – Алла, айтқан – би» деген сөз сол себепті айтылған. Зерттеушілер би-шешендер сирек кездесетін феномен болғанын, өйткені шешендік өнер «ғылым мен өнерді тел емген, әртүрлі пәннің тоғысында пайда болатын синкретті қабілет» екенін атап өтеді. Өмір тәжірибесі көрсеткендей, қазақтың небір даңқты ақын-жыраулары да (Абай, Бұқар т.б.) шешендік өнерден құралақан болмаған – олардың шығармашылығында тапқыр төрелік нақылдар аз емес. Осылайша, дәстүрлі шешендік сөздер құрылымы жағынан ықшам, бейнелі, диалогқа бейім болса, қызметі жағынан қоғамдағы сан алуан мәселелерді шешуге бағытталған пәрменді коммуникация құралы болды.

Уақыт алмасып, қоғам өзгерген сайын шешендік сөздің қолданыс аясы мен сипаты да трансформацияға ұшырады. XIX ғасырдың соңында патшалық отарлау күшейіп, билер институты жойылғанда, қазақтың дәстүрлі шешендік өнері біраз тоқырауға түсті: бұрынғы билердің орнын заңгер-шенеуніктер, ақын-жазушылар басты; халық ашық жиында еркін сөйлеу құқығынан айырылып, саяси шешендік міндеті жазба әдебиетке және баспасөзге ауысты. Алайда шешендік өнер мүлде жоғалған жоқ – оның элементтері жаңа дискурс түрлерінде сақталды. Кеңес дәуірінде шешендік өнер ресми үгіт-насихат мінберлерінде жалғасса, тәуелсіздік кезеңінде мемлекеттік қайраткерлердің, саясаткерлердің, қоғам белсенділерінің сөйлеу мәдениеті жаңаша қалыптаса бастады. Қазіргі қазақ шешендік өнері бір жағынан ұлттық дәстүр сабақтастығын жалғастыруда, екінші жағынан жаһандық коммуникацияның әсерімен жаңашыл өзгерістерге түсуде.

Заманауи шешендік дискурстың түрлері өте кең және оны әр түрлі коммуникациялық салаларда қарастыруға болады. Ең алдымен, әлеуметтік-саяси шешендікке – мемлекет қайраткерлерінің халық алдында сөйлеген сөздері, парламент мінберіндегі баяндамалары, митингілер мен ресми жиындардағы үндеулері жатады. Бұл салада қазақ шешендерінің дәстүрі белгілі дәрежеде жалғасып келеді. Қазіргі шешендер көпшілік алдында әсерлі сөйлеу үшін көбіне халық нақылдарына жүгінеді, ұтымды афоризм, мақалмен сөйлеуге тырысады. Мысалы, мемлекет басшылары мен саясаткерлер сөз арасында Абайдың қара

сөздерін немесе халық мәтелдерін дәйек етуі жиі ұшырасады. Сонымен қатар бүгінгі шешендердің сөзіне өзге авторлардан алынған цитаталар қосу үрдісі қалыптасты. Егер бұрын билер тек өз өнеге тәжірибесіне сүйенсе, қазір жаһандық ақыл-ой қазынасынан, ғылым-білімнен, әлемдік лидерлердің сөзінен мысал келтіру - сөйлеушінің беделін арттыру тәсілі ретінде көрінеді. Мысалы, саяси дискурста белгілі тұлғалардың қанатты сөздерін ағылшын, орыс тілдерінен аударып қолдану байқалады. Бұл - қазіргі шешендік риториканың ерекшелігі, яғни интертекстуалдылығының артуы.

Кейінгі жылдары елімізде академиялық шешендікке де көп көңіл бөлініп, ғылыми конференциялардағы баяндамалардың, жоғары оқу орындарындағы дәрістердің шешендік талаптарына сай құрылуы назарда ұсталып жүр. Академиялық ортада сөздің дәлдігі мен қисыны басты назарда болады, дегенмен ғалымдар тыңдаушысын баулу үшін шешендік өнердің тәсілдерін (риторикалық сұрақ, афоризм, мысал келтіру) қолданатыны байқалады.

Сот саласындағы шешендік те ерекше жанр ретінде сақталған. Прокурордың айыптау сөзі мен қорғаушының сөз жарысы – ежелгі дау, билік, төрелік шешенсөздің қазіргі көрінісі деуге болады. Өкінішке қарай, соттағы қазақ тіліндегі шешендік деңгейі төмен, заң тілінің күрделілігімен қатар қазақ тілін еркін меңгермеген мамандар дәстүрлі шешендік өнердің тәжірибелерін толық пайдалана алмайды. Бұл - қазіргі ресми дискурста шешендік өнерді жетілдіру қажеттігінің белгісі.

Бұқаралық ақпарат құралдары мен әлеуметтік желілер қазіргі шешендік дискурстың жаңа кеңістігі болып табылады. Теледидар, радио арқылы сөйлеу аудиториясының ауқымы кең, әрі көпшілікке бірдей ықпал ету мүмкіндігі зор. Медиа тілі - ауызекі сөйлеу стилі мен кітаби жазба стильдің элементтерін қатар ұштастыратын гибрид сипатқа ие. Мысалы, тележурналистикада күнделікті сөйлеуге тән қарапайым сөздер мен ресми стиль элементтері бірге қолданылады. Телехабар тілінде уақыттың шектеулілігінен сөз барынша *қысқа да нұсқа* беріледі. Осындай үнемділік үшін жаңалықтар мәтінінде тұрақты тіркестер, дайын клишелер жиі пайдаланылады. Бұрынғы шешендер де аз сөзге көп мағына сыйғызуға тырысқан. Қазіргі БАҚ тілі де сол мақсатты көздейді, бірақ тәсілі өзгеше. Егер би-шешен ойды тұспалдап, астарлап, ұйқастырып жеткізсе, журналистика тілінде жылдам түсінілу үшін қарапайым, жалпақ тілдік құралдар қолданылады. Теледидардағы шешендіктің тағы бір қыры – экстралингвистикалық факторлар: сөйлеушінің дауыс ырғағы, түр-келбеті, экрандағы көрнекілік те коммуникацияға әсер етеді. Бұрынғы шешендер тыңдаушының тек құлағы мен көңіліне әсер етсе, қазіргі телешешендер көрерменнің көзіне де жұмыс істеуге мәжбүр.

Әлеуметтік желілердегі сөз мәдениеті – бүгінгі шешендік дискурс тақырыбының бөлек бір саласы. Жастар көп қолданатын Twitter, Facebook, Instagram, TikTok сияқты платформаларда ресми баяндау стилі емес, көбіне *ауызекі сөйлеу тілі, жаргон* қолданылады. Интернетте ойын тура жеткізу, эмоцияны смайлик, қысқарған сөз арқылы білдіру кең етек алды. Бұл құбылысты кейбіріміз тіл мәдениетінің құлдырауы деп, енді біріміз жаңа коммуникация

әдістеріне бейімделу деп бағалаймыз. Әлеуметтік желіде кез келген адам аудитория алдында жазбаша-мультимедиялық форматта сөйлеушіге айналды. Мұнда шешендік өнердің демократиялануы байқалады. Бұрын екінің бірі көпшілікке қайырыла сөйлемесе, қазір әлеуметтік медиа әр адамға мінбер болды. Дегенмен, әсер ету, иландыру тұрғысынан қарасақ, әлеуметтік желідегі белсенді жандар да классикалық шешендік тәсілдерді пайдаланады. Мәселен, оларда ұтқыр афористік тіл, сондай-ақ аудиторияның көңіл-күйін дәл табу (прагматикалық интенция) үлкен рөл атқарады. Тіпті, бейнебаян форматында белгілі бір мәселе бойынша жұртты иландыру мақсатындағы шешенсөздер (блогерлердің үндеуі, мотивациялық роликтер) күнделікті тәжірибеге енді. Мұндай жаңа жанрларда қысқа уақыт ішінде көрерменнің назарын аудару басты мақсат, сондықтан *креолдық мәтін* (сөз+бейне) мүмкіндіктері толық пайдаланылады. Яғни, әлеуметтік желі дискурсы дәстүрлі шешендікке жат әдістерді де (мем, визуал, музыка) қосып, полимодальды риторика туындатуда. Бірақ соның өзінде негізгі талас құралдары – сөздің қуаты мен логика, эмоцияға әсер ету амалы – өзгеріссіз, шешендік өнердің базалық қағидалары сақталатынын атап өту маңызды.

Қазіргі шешендік дискурста тілдік құралдардың өзгеруі де байқалады. Дипломатиялық немесе ғылыми тілде көне заманнан келе жатқан сөздер сирек, керісінше жаңа терминдер, кірме сөздер көп қолданылуда. Мысалы, ресми баяндамаларда бұрынғы шешендік сөздерге тән образды тіркестер азайып, олардың орнын неологизмдер мен технократиялық ұғымдар басты. Бұл - заман ағымына сай заңды құбылыс, өйткені қазіргі шешеннің тыңдарманы ХХІ ғасырдың адамдары, олардың таным-түсінігі мүлде өзге. Сондықтан қазіргі шешен өз ойын бейнелеп айтудан гөрі, дәйектеп айтуға, ғылыми дерек-дәйекке жүгініп сөйлеуге тырысады. Мысалы, саясаткер экология жайында сөз қозғағанда, бұрынғыдай мақалмен тәмсілдемей, нақты статистика көрсетіп, ғылыми тұжырымға сүйеніп сөйлейді. Сол арқылы қазіргі тыңдаушының сеніміне жетуді көздейді. Дегенмен, шешендік өнердің түп мақсаты – сендіру болғандықтан, *логикалық дәлел* мен *эмоциялық әсер* ұтымды ұштасқанда ғана жоғары нәтиже бермек. Бүгінгі шешендер бұл тепе-теңдікті сақтауға тырысады. Айталық, ғылыми негізді баяндай келе, әсерлеу үшін танымал цитата келтіру немесе ресми ақпаратты хабарлай отырып, халықтың жүрегін жұмсарту үшін шешендік сұрақ пен теңеу қолдану т.б.

Қазіргі шешендік дискурста тән тағы бір құбылыс – сөйлеу мәдениеті мен этикасына жаңа талаптардың тууы. Бұрынғы билер сөзінде этикалық нормалар қатаң сақталатын. Ал бүгінгі бұқаралық дискурста, әсіресе әлеуметтік желілерде, сөз саптау мәдениеті ала-құла. Агрессиялық риторика, қарсы пікірді жалаң күшпен жоққа шығару, тіл тигізу сияқты келеңсіз жайттар ұшырасады. Мұның барлығы жалпы шешендік өнер беделіне кері әсер ететіні сөзсіз. Сол себепті қазіргі қазақ қоғамында шешендік мәдениетті қайта жаңғырту қажеттігі айтылуда. Бұл ретте дәстүрлі шешендік өнегені үлгі ету, мектептер мен жоғары оқу орындарында риторика, шешендік өнер сабақтарын енгізу маңызды қадам болмақ. Яғни, қазіргі дискурста дәстүрлі прагмастилистикалық талаптарды

(орынды сөз, орнықты уәж, сөйлейтін адамға лайық этика) нығайту керектігі – уақыт талабы.

Жалпы алғанда, дәстүрлі және қазіргі шешендік дискурс түрлерінің арасында сабақтастық та, өзгешелік те мол. Дәстүрлі шешендік сөздер қазіргі шешенге көне ұғым-түсінік, тілдік көркемдік және моральдық-этикалық үлгі тұрғысынан қазына бола алады. Ал қазіргі шешендік дискурс дәстүрлі өнерді жаңа жағдайға бейімдеп, техникалық-медиалық мүмкіндіктермен толықтырып, өрісін кеңейтіп отыр. Типологиялық тұрғыдан алғанда, екеуінің де өзегі бір – риторика мен прагматика бірлігіндегі сөз ықпалы. Уақыт алшақтығы бұл өнердің қағидатты негіздерін өзгерткен жоқ, тек форма, әдіс өзгертті деуге болады.

Қорыта айтқанда, қазақ шешендік өнері дәстүрінен сусындаған қазіргі шешендік дискурс - көне мен жаңаның синтезі. Дәстүрлі шешен-билер сөздерінің озық үлгілері қазіргі шешендерге рухани негіз бола алады. Ал заман талабына сай жетілген жаңа шешендік формалар халықтың сөз мәдениетін жаңа биікке көтеруге қызмет етеді. Сөз құдіретін терең түсініп, оны тиімді қолдана білген қоғамда мәдени даму да, рухани келісім де берік болмақ. Ендеше, шешендік өнерді зерттеу, оның дәстүрі мен қазіргі түрлерін сабақтастыра қарастыру – шешендіктану мен коммуникация саласындағы өзекті мәселе ретінде алдағы уақытта да мәнін жоғалтпайды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. - Алматы: «Атамұра», 1991.
2. Сыздықова Р. Қазақ әдеби тілінің ауызша түрі. - Алматы: «Ғылым», 1987.
3. Негімов С. Шешендік өнер. - Алматы: «Ана тілі», 1997.
4. Қалимұқашова Б. Сөйлеу мәдениеті және шешендік өнер. - Астана: «Фолиант», 2010.
5. Қасенов С.Т. Шешендік сөздердің поэтикасы. - Өскемен: «Берел», 2021.
6. Серімов Е. Сот риторикасы. - Қарағанды: «Болашақ-Баспа», 2023.

МРНТИ 17.09.91

ҚОҒАМДЫҚ САНА ЖӘНЕ КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТ

Қабылов Әділет¹, Шоқай Мустафа,²

Yessenov University, Ақтау, Қазақстан¹

Nazarbaev University, Астана, Қазақстан²

(E-mail: [1adlet_kabylov@mail.ru](mailto:adlet_kabylov@mail.ru), [2mshokhayev@mail.ru](mailto:mshokhayev@mail.ru))

Аңдатпа: Адамзаттың жүріп өткен тарихына зер салсақ, қоғамның дамуы тек қана материалдық өндіріс пен техникалық прогрестің өркендеуімен ғана байланысты болмайтынын көреміз. Шын мәнінде, әрбір өркениеттің шынайы бейнесі – оның рухани әлемінен, яғни қоғамдық санасынан айқын көрінеді. Қоғамдық сана дегеніміз – халықтың ой-өрісі мен дүниетанымы, құндылықтары мен көзқарас-сенімдерінің жиынтығы. Ол адамдардың бір мақсатқа ұмтылуына, ортақ мүдде жолында бірлесіп тарихи жолын айқындауына ықпал етеді.